



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылға Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің
жалақысының құрылымы және бөлуі

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Мета деректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (әрі қарай - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Ахметқали Гүлнұр Ахметқалиқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

S.1.4 010000, Астана қ., Есіл ө.сол жағалауы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 4 кіреберіс

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

gul.akhmetkali@aspire.gov.kz

S.1.6 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-97-81

S.2 Өзектілік-кіріспе

S.2.1 Бұл байқау еңбекақы статистикасына жатады.

Бұл байқаудың мақсаты – толық ай жұмыс жасаған жекелеген кәсіптер мен лауазымдар бойынша қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы туралы ақпаратты алу болып табылады.

Байқау нәтижелері бойынша пайдаланушыларға есептелген жалақы мөлшері бойынша бөлінген қызметкерлердің саны, қызметтер және лауазымдар, білім деңгейі, жасы, және жынысы бөлінісінде орташа айлық жалақы, медианалық және модальдік жалақылар мөлшері бойынша ақпарат ұсынылады.

Көрсеткіштер кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда, экономикалық қызмет түрлері, өңірлер, кәсіпорындардың мөлшері және меншік нысандары бөлінісінде жиналады.

Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, онда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануына жол берілмеген.

Кері байланыс Telegram мессенджерінің көмегімен [statgovkz_bot](#)

аккаунты, сондай-ақ 1446 бірыңғай нөмірі арқылы қоңырау шалуға болатын пайдаланушыларды қолдау байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған мета деректерді соңғы растау

10.06.2024

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

10.06.2024

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

10.06.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің жалақы құрылымы және оны бөлу жылына бір рет есептеледі және келесі деректерді қамтиды:

экономикалық қызмет түрлері, өңірлер, қызметтер және лауазымдар бойынша, білім деңгейі бойынша, жасы бойынша, кәсіпорындардың өлшемі бойынша, меншік нысандары және жынысы бөлінісінде, қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы, медианалық және модальдік жалақылардың мөлшері.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

«Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп» 2-Т (еңбекақы) нысаны бойынша зерттеуді жүргізу кезінде статистикалық жіктемелердің маңызы зор. Оларды қолдану жиналатын ақпараттың басқа статистикалық зерттеулердің деректерімен салыстырмалылығына және оның сапасына әсер етеді. Жоғарыда көрсетілген нысан бойынша зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ- Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ- Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) КМЖ- Заңды тұлғалардың өлшемділігі жіктеуіші;
- 4) ҰҚНЖ - Шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ-Экономика секторларының жіктеуіші;
- 6) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 7) ҰКЖ – Ұлттық кәсіптер жіктеуіші
- 8) СБТ – Статистикалық бизнес-тіркелім

Жіктеуіштер Бюроның www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған.

ҚР ҰЖ 01-2017 Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеуіші Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.career.enbek.kz сайтында орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға қызметкерлер саны 250 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сонымен қатар «Шағын кәсіпорынның қызметі туралы» (индексі 2-МПП, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны бойынша есеп бергендерден басқа, қызметкерлерінің саны 250 адамға дейінгі іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері жатады.

2024 жылы каталог бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны – 22337 бірлікті құрады, оның ішінде есеп бергендер – 20932 бірлік, қағаз тасымалдағыштағы есептер – 1189 бірліктерін құрады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «7» желтоқсандағы №306 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 14639 болып тіркелген) «Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуіне іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістемеге» сәйкес жүргізіледі.

Зерттеуге қызметкерлер саны 250 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сонымен қатар «Шағын кәсіпорынның қызметі туралы» (индексі 2-МПП, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны бойынша есеп бергендерден басқа, қызметкерлерінің саны 250 адамға дейінгі іріктемеге түскен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері катысады.

Статистикалық құралдар:

Деректер жылына бір рет жаппай және іріктеу әдісімен «Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп» 2-Т (Еңбекақы) коды 251111228 статистикалық нысаны бойынша жиналады.

Анықтамалар қолданылады:

жұмыс уақыты - қызметкер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері; толық емес жұмыс уақыты - Еңбек кодексінде белгіленген қалыпты ұзақтықтан аз уақыт, оның ішінде: толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту; толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту; бір мезгілде күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту;

тарифтік- еңбекақының тарифтік жүйесі: тарифтік мөлшерлеме (айлықақылар), тарифтік

кесте, тарифтік коэффициенттерді қамтиды;

тарифсіз- еңбекақының тарифсіз жүйесі қызметкердің кәсіби қасиеттерін бағалау және олардың түпкілікті нәтижеге үлестерінің қағидаттары мен өлшем шарттарына байланысты еңбекақыны төлеуге арналған қаражатты үлестік бөлуге негізделеді.

Статистикалық нысанды ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 31 мамырға (қоса алғанда) дейін. Нысан 2024 жылы қайта қаралды, «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік

статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Бюро басшысының 2024 жылғы 24 маусымындағы № 9 бұйрығымен бекітілген.

Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру бюроның stat.gov.kz Респонденттерге / статистикалық нысандар интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.4.5 Статистикалық объект

Байқауға барлық ірі кәсіпорындар жатады және респонденттерге жүктемені төмендету мақсатында шағын және орта кәсіпорындар бойынша іріктеменің шамамен 30% мөлшері зерттеледі.

2024 жылғы өңірлер бөлінісінде зерттелген кәсіпорындар бойынша деректер

	2024 жыл							
	ірі		орта			кіші		
	каталог бойынша	есеп бергендер	бас жиынтық	іріктеме жиынтық	базалық салмақ	бас жиынтық	іріктеме жиынтық	базалық салмақ
Қазақстан Республикасы	2 650	2 615	7 007	2 540	2,8	60 454	17 147	3,5
Абай	88	88	232	97	2,4	1 539	522	2,9
Ақмола	102	102	257	129	2,0	2 593	1 022	2,5
Ақтөбе	132	132	324	100	3,2	2 667	791	3,4
Алматы	79	79	410	150	2,7	3 452	970	3,6
Атырау	136	135	311	105	3,0	1 847	511	3,6
Батыс Қазақстан	105	102	274	106	2,6	2 131	676	3,2
Жамбыл	100	97	338	101	3,3	2 536	704	3,6
Жетісу	59	56	191	82	2,3	1 610	575	2,8
Қарағанды	164	162	411	153	2,7	2 974	907	3,3
Қостанай	108	108	325	150	2,2	2 536	1 006	2,5

Қызылорда	94	94	312	102	3,1	2 177	579	3,8
Маңғыстау	122	122	292	116	2,5	2 039	586	3,5
Павлодар	114	114	290	119	2,4	2 214	726	3,0
Солтүстік Қазақстан	63	63	218	95	2,3	2 343	860	2,7
Түркістан	121	121	543	158	3,4	4 035	1 044	3,9
Ұлытау	34	34	72	41	1,8	666	278	2,4
Шығыс Қазақстан	104	104	289	109	2,7	2 100	705	3,0
Астана қаласы	304	294	514	173	3,0	8 153	1 853	4,4
Алматы қаласы	486	474	1 051	334	3,1	9 985	2 124	4,7
Шымкент қаласы	135	134	353	120	2,9	2 857	708	4,0

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Бірінші кезеңде заңды тұлғалар қызметкерлерінің жалақысына іріктемелі зерттеу жүргізу үшін бас жиынтық ретінде «Статистикалық бизнес-тіркелім» ақпараттық жүйесі қолданылады.

- іріктемелі жиынтықты қалыптастыру үшін мынадай негізі өлшемшарттар қолданылады:
- кәсіпорынның экономикалық қызметінің негізгі түрі; кәсіпорындардың өлшемділігі;
- кәсіпорындардың ахуалдық коды.

Екінші кезеңде заңды тұлға іріктемелі зерттеу үшін қызметкерлердің тізімін келесі талаптармен қалыптастырады:

- 101-160 кәсіпорындар өлшемділігінің жіктеуіші (бұдан әрі - КӨЖ) бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын заңды тұлғалар, барлық қызметкерлер іріктемеге жатады (яғни жаппай есепке алу қолданылады);
- 215-225 КӨЖ-мен заңды тұлғаларда әрбір екінші қызметкер іріктемеге жатады;
- 305-311 КӨЖ-мен заңды тұлғаларда әрбір оныншы қызметкер іріктемеге жатады;
- қызметкерлерінің саны 5000-нан асатын ірі заңды тұлғаларда әрбір елуінші қызметкер іріктеуге жатады.

Қызметкерлерді іріктеу үшін саралау табельдік нөмірге сәйкес жүргізіледі.

Қызметкерлердің нақты құрамын іріктеген кезде міндетті түрде іріктемелі зерттеудің тізімше ұйымдардың басшыларын қоса алғанда, басқарудың барлық деңгейіндегі басшылар (өкілдер) кіреді.

Іріктемелі зерттеуде міндетті түрде екі жыныстағы қызметкерлер ескеріледі. Егер іріктемелі зерттеудің тізімін қалыптастырған кезде тек бір жыныстағы қызметкерлер түскен жағдайда, онда тізім басқа жыныстағы қызметкерлерді қоса отырып қайта қалыптастыруға жатады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Зерттеу Қазақстан Республикасының барлық аумағын (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар, астана) қамтиды.

S.4.8 Қамту уақыты

2018 жылдан бастап.

S.4.9 Базалық кезең

Көзделмеген.

S.5 Өлшем бірлігі

Теңге

S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;

3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары;

4. Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары;

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну, ғылыми және ғылыми-техникалық мақсаттарда пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді;

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 7 желтоқсандағы №306 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 14639 болып тіркелген Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуіне іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістеме.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау.

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19

наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі;

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;

3. Бюро басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және тең түпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық–деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну ғылыми және ғылыми-техникалық мақсаттарда пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Статистикалық жұмыстар жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі ҚР НҚА эталондық банкінде Әділет ЖЗШ еркін қолжетімділікте орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР НҚА эталондық банкінде Әділет ЖЗШ еркін қолжетімділікте орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға Бюроның stat.gov.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

S.10 Тарату жиілігі

Жылына бір рет

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

«Кәсіптер мен лауазымдар бойынша қызметкерлердің жалақысы» баспасөз хабарламасы, жылына бір рет. Ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz сайтында Негізгі // Жаңалықтар бөлімінде орналасқан.

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің жалақысының құрылымы және бөлуі» статистикалық бюллетені, «Негізгі кәсіптер мен лауазымдар бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің жалақысы», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындар мөлшері бойынша қызметкерлер жалақысының құрылымы және оны бөлу», «Қазақстан Республикасындағы білім деңгейі бойынша қызметкерлер жалақысының құрылымы және оны бөлу», «Қазақстан Республикасындағы меншік нысандары бойынша қызметкерлер жалақысының құрылымы және оны бөлу» электрондық кестелері жыл сайын Excel форматта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Бюроның www.stat.gov.kz сайтында Негізгі бөлімінде/ Еңбек және табыс/ Жалақы және еңбек жағдайы/ электрондық кестелерінде жарияланады.

S.11.3 Онлайн деректер базасы

Статистикалық деректер «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесіне Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бөліміне енгізілген.

S.11.3.1 АС1.Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микро деректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 98-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Микродеректерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын ұсыну Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну ғылыми және ғылыми-техникалық мақсаттарда пайдалану қағидаларымен реттеледі.

S.11.5 Өзгеде

S.11.5.1 АС2. Метадеректер–кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Зерттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 7 желтоқсандағы №306 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 14639 болып тіркелген Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуіне іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістемеге сәйкес жүргізіледі;

2) Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген «Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп» (коды 251111228, индексі 2-Т (еңбекақы), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17011 болып тіркелген;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Еңбекақы статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімдерді қолдану;
- алғашқы деректерді жинау мен өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- алғашқы статистикалық деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық түрде бекітілген;
- алғашқы статистикалық деректерді ұсынбағаны және дұрыс емес деректерді ұсынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

«Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуін іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістеме» ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі «Қазстат» жобасының шеңберінде Германия сарапшыларының қағидаттары мен ұсынымдарын есепке ала отырып әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

«Пайдаланушыларға сауал салу» Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға жыл сайын сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/R1.Деректердің толықтығы-үлес

Деректердің толықтығы «Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуіне іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістемеге» сәйкес әдістемелік ұсынымдар және Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген «Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп» (коды 251111228, индексі 2-Т (еңбекақы), кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулығын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Кәсіпорындардың өлшемділігі бойынша орташа айлық жалақысы туралы соңғы екі жылдағы деректердің дәлдігі және сенімділігінің талдауы түрлендірме коэффициенті арқылы жасалды. Түрлендірме коэффициенті - бұл кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы осы шаманың орташа мәніндегі үлесін көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәнің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады.

Түрлендірме коэффициенті мынадай формуламен есептелінеді:

$$C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$$

мұндағы SD - орташа квадраттық ауытқу;

\bar{X} - орташа мән.

Орташа квадраттық ауытқу мынадай формуламен есептеледі:

$$SD = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}{n-1}}$$

Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде кәсіпорындардың өлшемділігі бойынша орташа айлық жалақының вариация коэффициенті

	пайызбен		
	ірі	орта	кіші
2023	28,6	17,8	16,7
2024	26,6	16,1	15,6

Вариация коэффициентін есептеу үшін Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде кәсіпорынның өлшемдері бойынша орташа айлық жалақысы туралы деректері алынды.

Вариацияның орташа коэффициенті Қазақстан Республикасының өңірлері арасындағы орташа айлық жалақының едәуір саралануымен байланысты. Мысалы, Атырау облысында жалақы Солтүстік Қазақстан облысына қарағанда 2,6 есе жоғары.

Өңірлер арасындағы орташа айлық жалақысы деңгейінің айтарлықтай ауытқуы мұнай мен табиғи газ өндірісі сияқты экономикалық қызметтің жоғары төленетін түрімен байланысты,

бұл жоғары табыс алуға ғана емес, жалдамалы қызметкерлерге жоғары жалақы төлеуге мүмкіндік береді.

S.15.2 Іріктеме қатесі-индикаторлар/A1

Іріктеме зерттеудің көрсеткіштері бойынша іріктеме қатесі

пайызбен

	2024					
	ірі		орта		кіші	
	қызметкерлердің саны	орташа айлық жалақы	қызметкерлердің саны	орташа айлық жалақы	қызметкерлердің саны	орташа айлық жалақы
Барлығы	0,0	0,0	0,9	1,6	1,2	1,4
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,0	0,0	2,0	2,7	6,8	4,1
Өнеркәсіп	0,0	0,0	1,4	2,6	18,4	4,0
Құрылыс	0,0	0,0	3,9	4,5	8,1	5,6
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	0,0	0,0	4,3	6,9	3,6	3,1
Көлік және қоймалау	0,0	0,0	3,5	5,2	5,2	4,9
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	0,0	0,0	6,2	7,7	14,7	10,1
Ақпарат және байланыс	0,0	0,0	6,6	9,6	6,6	7,2
Қаржы және сақтандыру қызметі	0,0	0,0	5,0	10,8	4,6	17,6
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	0,0	0,0	11,7	21,0	8,0	1,7
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	0,0	0,0	3,8	9,3	4,0	4,2
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	0,0	0,0	3,6	12,8	5,8	5,1
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	0,0	0,0	3,9	4,5	1,7	0,9
Білім беру	0,0	0,0	1,5	2,1	1,0	0,9
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	0,0	0,0	2,4	4,3	2,6	2,4
Өнер, ойын-сауық және демалыс	0,0	0,0	2,4	4,9	1,9	1,6
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	0,0	0,0	15,1	19,8	4,5	2,8

Зерттеу әдісіне сәйкес ірі кәсіпорындар бірыңғай әдіспен зерттеледі, осыған байланысты іріктеу қатесін бағалау мүмкін емес.

Орта және кіші кәсіпорындар үшін іріктеу қателігі «Кәсіпорындардың құрылымына және жалақыны бөлуіне іріктемелі зерттеу өткізу бойынша әдістемесіне» сәйкес есептеледі, онда страта бойынша салыстырмалы стандартты қате 10% аз болса, вариациялық қатардың өзгермелілігін елеусіз деп есептеледі, 10% -дан 20% дейін орташаға, 20% жоғары және 33% төмен елеуліге жатады, ал егер салыстырмалы стандартты қате 33%- дан артса, онда бұл ақпараттың әртектілігін көрсетеді.

2024 жылға арналған көрсеткіштер бойынша салыстырмалы стандартты қателік орташа шегінде, сондықтан іріктеу көлемінің ұлғаюы қамтамасыз етілмейді.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктеуді қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру-үлес

Мақсатты іріктеуді қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер-арақатынас

Мақсатты іріктеуді қолдануға байланысты бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

Қолданылмайды.

S.15.3.3.1 А4.Жауап жоқ болу бірлігі–үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы–үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі–алғашқы нәтижелер

Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі–соңғы нәтижелер

Жинау мерзімі – 25.04.2024г.

Аяқталу мерзімі – 10.06.2024г.

Өңдеу мерзімі – 17.09.2024г.

Тарату мерзімі – 9.10.2024г.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Зерттеу қорытындылары Статистикалық жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, жариялау мерзімдері бұзылған жоқ.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы–коэффициент/СС1

Тиімсіз.

S.17.1.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтығы/СС2

Қызметкерлердің медианалық және модальдік жалақысы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2019 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Осы статистикалық нысан ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі «Қазстат» жобасының шеңберінде Германия сарапшыларының ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Орташа айлық атаулы жалақы туралы деректер тұрақты даму мақсаттарының 8.5.1 «Жынысы, жасы, экономикалық қызмет түрі және аймақ бойынша орташа сағаттық жалақысы» тармағының көрсеткіштерін толтыру үшін Халықаралық ынтымақтастық және тұрақты даму департаментіне ұсынылады.

S.19 Жүктеме

Жинау және өңдеу процесі «е-Статистика» ИАЖ арқылы толық автоматтандырылған. Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Онлайн режимде деректерді жинау кезінде респондент үшін автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау қарастырылған. Есептерді қағаз жеткізгіште ұсынған кезде нысандарды енгізу «е-Статистика» АЖ жүзеге асырылады, сондай-ақ автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау көзделген. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа тексерулермен қайталану жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Ресми статистикалық ақпарат бекітілгеннен және жарияланғаннан кейін деректерді қайта қарау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

2-т (еңбекақы) "Жалақы құрылымы және оны бөлу туралы есеп" нысаны бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша алғашқы деректер.

Іріктеуді қалыптастыру үшін кәсіпорындардың өзектілендірілген статистикалық бизнес-тіркелім пайдаланылады:

кәсіпорындардың ахуалдық коды 1, 2;

кәсіпорындардың өлшемділігі орташа және шағын.

Бас жиынтыққа ЭҚЖЖ секциялары бойынша экономикалық қызметтің барлық түрлері енгізіледі. Страталар аудандар бойынша және ЭҚЖЖ секциялары бойынша қалыптастырылады. Шағын және орта кәсіпорындар үшін іріктемелі жиынтық мөлшері шамамен 30% құрайды. Іріктеудің салыстырмалы шекті қатесі аудан бойынша іріктеудің репрезентативтілігін 5-10% шегінде қамтамасыз өтеді және вариация коэффициенті 5-10%-дан аспайды.

Өз қызметің екі немесе одан да көп облыс аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалар,

статистикалық нысанды әрбір бөлімше бойынша жеке бланкілерде тапсырады, яғни деректер қызмет жүзеге асырылатын жер бойынша керсетіледі.

S.21.2 Зерттеу кезенділігі

Жылына бір рет

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Еңбекақы статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру «Респонденттің кабинеті» арқылы «е-Статистика» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтырудың дұрыстығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір мәселелері бойынша жауаптардың болмауын азайту мақсатында электрондық форматта бастапқы деректерді енгізу деңгейінде дұрыстығын тексеру айқындалды, сондай-ақ, бастапқы статистикалық ақпаратты өңдеу жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілді.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.